

**Қазақстан Республикасында Жинақтаушы зейнетақы қорларының өз капиталын қалыптастыру жөніндегі негізгі талаптар туралы нұсқаулық<\*> ЕСКЕРТУ:**  
**Нормативтік-құқықтық актінің атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83-Ө Бұйрығымен.~V991005**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі 1997 жылғы 27 тамыз N 2-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 17 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 374. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы N 127 қаулысымен.

### **Ереже**

Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді, ол Жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі - Қорлардың) өз капиталын қалыптастыру жөніндегі негізгі талаптарын айқындайды, Қорлардың комиссиялық сыйақыларының шекті мөлшерін реттейді, сақталуы міндетті болып табылатын жекелеген нақты нормативтерді белгілейді.

**ЕСКЕРТУ:** Кіріспе жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83-Ө бұйрығымен .

### **1. Қордың меншікті капиталы**

**ЕСКЕРТУ:** 1-тараудың атауы өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83-Ө бұйрығымен .

1.1. Қордың өз капиталына мыналар кіреді: жарғылық капитал:

- 1) ж а й а к ц и я л а р ;
- 2) артықшылық берілген акциялар;  
төленген қосымша капитал;

негізгі қаражатты қайта бағалаудан төленбеген қосымша капитал;  
инвестицияларды қайта бағалаудан төленбеген қосымша капитал;  
резервтік капитал;  
өткен жылдардағы бөлінбеген табыс;  
есеп берілген жылдағы бөлінбеген табыс;  
мыналарды шегеріп тастағанда төленбеген капитал:  
1) жай акциялар,  
2) артықшылық берілген акциялар;  
алынған капитал;  
өткен жылдардың өтелмеген шығындары;  
есеп берілген жылдың өтелмеген шығындары.

**ЕСКЕРТУ:** 1.1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83-Ө бұйрығымен .

1.2. Қордың меншікті капиталы мыналардың есебінен құралады:  
- құрылтайшылардың (акционерлердің) жарғы капиталына жарналары;  
- комиссиялық сыйақы;  
- негізгі қызметті орындауға байланысты қызмет көрсетуден алынған табыс меншік капиталын орналастырудан.

**ЕСКЕРТУ.** 1.2-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.05.22. N 65 - п бұйрығымен .

**ЕСКЕРТУ:** 1.2-тармақтың екінші абзацы өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83 - Ө бұйрығымен .

1.3. Қордың меншік капиталын мынадай мақсаттарда пайдалануға болмайды:

- а) басқа ұйымдар құруға;
- б) уақытша қаржылық көмек көрсетуге;
- в) кепілдіктер беруге.

**ЕСКЕРТУ.** 1.3-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.05.22. N 65 -п бұйрығымен .

## **2. Жарғы капиталы**

2.1. Қордың жарғылық капиталы қордың қаржылық қызметін қамтамасыз етуге, салымшылар/алымшылар және басқа да кредиторлар алдындағы

жауапкершілігін орындау мақсатында пайдаланылады.

**ЕСКЕРТУ.** 2-бөлім 2.1-тармақпен толықтырылды, 2.1., 2.2., 2.3., тармақтар 2.2., 2.3., 2.4. тармақтар болып саналды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.05.22. N 65-п бұйрығымен .

**ЕСКЕРТУ:** 2.1-тармақ толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83 - Ө б ұ й р ы ғ ы м е н .

2.2. Мемлекеттік Жинақтаушы зейнетақы қорының жарғы капиталының мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2.3. Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері:

ашық қорлар үшін 180 (жүз сексен) миллион теңге сомасында, корпоративтік қорлар үшін 50 (елу) миллион теңге сомасында болып б е л г і л е н е д і .

Бұрын алынған уақытша лицензияның орнына зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке мемлекеттік бас лицензияны алған Қорлар жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшеріне қатысты талаптардың 2000 жылдың 1 тамызына дейінгі мерзімде орындалуын қамтамасыз е т у ғ е м і н д е т т і .

**ЕСКЕРТУ:** 2.3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83-Ө б ұ й р ы ғ ы м е н .

**ЕСКЕРТУ:** 2.3-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 2000 жылғы 31 қаңтар N 9-Ө б ұ й р ы ғ ы м е н .

2.4. Жарғы капиталына жарналар тек қана ақшамен төленеді. Жарғы капиталынан құралатын қаражат құрылтайшылардың меншікті қаражаты есебінен салынады. Несиеге алынған қаражатты, кепілзатты, басқа да тартылған қаражатты жарғы капиталына салу үшін пайдалануға тыйым салынады.

### **3. Қордың комиссиялық сыйақыларының шекті шамасы**

**ЕСКЕРТУ:** 3-тармақтың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы

қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83-Ө бұйрығымен .

3.1. Қордың комиссиялық сыйақыларының шекті шамасы: зейнетақы жарналары сомасынан 1 (бір) проценттен артық емес; зейнетақы активтерін орналастырудан алынған инвестициялық табыс сомасынан 10 (он) проценттен артық емес болып белгіленеді.

**ЕСКЕРТУ:** 3.1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83-Ө бұйрығымен .

3.2. Жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақысының шекті шамасында күнтізбелік жылда әрі кеткенде бір рет зейнетақы қорланымының жай-күйі туралы ақпарат беруді, Жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының есеп кітапшасын дайындауды қоспағанда, зейнетақы қорларының салымшылары мен алушыларына қызмет көрсеткені үшін берілетін с ы й а қ ы қ а м т ы л а д ы .

**ЕСКЕРТУ:** 3.2-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83-Ө бұйрығымен .

3 . 3 . < \* >

**ЕСКЕРТУ:** 3.3-тармақ алынып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83 - Ө б ұ й р ы ғ ы м е н .

3.4. Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры компаниясының зейнетақы активтерінің басқармасы төлейтін сыйақының шекті шамасы заңда белгіленген тәртіппен анықталады.

**ЕСКЕРТУ:** 3.4-тармақ толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83-Ө бұйрығымен .

#### **4. Өз капиталын негізгі қаражат пен басқа да материалдық емес активтерге салудың ең жоғарғы мөлшері**

**ЕСКЕРТУ:** 4-тармақтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83-Ө бұйрығымен .

4.1. Негізгі құрал-жабдық пен басқа да қаржы емес активтерге меншікті капитал салымының мөлшерін шектейтін норматив ашық үлгідегі Қорлары үшін 0.3-тен, корпорациялық үлгідегісі үшін - 0.2-ден аспауға тиіс:

$$И = \frac{\dots}{К}$$

И - негізгі құрал-жабдық пен басқа да материалдық емес активтерге салым ( онда мыналар қамтылады: үймереттер мен ғимараттардың құны, көлік құралдарының, машиналар мен жабдықтың құны, аяқталмаған құрылыс, материалдық емес активтер, қамтамасыз ету бағдарламасы, шаруашылық құрал-сайманы, негізгі құрал-жабдықтың тозуын шегеріп тастағанда басқа да негізгі құрал-жабдық). <\*><\*>

К - меншікті капитал.

**ЕСКЕРТУ. 4.1.-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.05.22. N 65 - п б ұ й р ы ғ ы м е н .**

**ЕСКЕРТУ: 4.1-тармақтың өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 5 қазандағы N 83-Ө бұйрығымен .**

4.2. Ай сайын, есеп беріліп отырғаннан кейінгі айдың 5 күнінен кешіктірмей Қорлар Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетке өз капиталын негізгі қаражат пен басқа да материалдық емес активтерге салу мөлшері туралы қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтер тапсырады. <\*>

4.3. Тапсырылған мәліметтердің дұрыстығына Қор толықтай жауап береді. <\*>

**ЕСКЕРТУ: 4.2, 4.3-тармақтармен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83-Ө Бұйрығымен .**

\_\_\_\_\_ Нұсқаулыққа қосымша<\*>  
Ж З Қ а т а у ы  
-----  
Ж З Қ к о д ы  
-----  
М е к е н - ж а й ы  
-----  
С Т Н  
\_\_\_\_\_

ЕСКЕРТУ: Нұсқаулық қосымшамен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83-Ө Бұйрығымен .

**Өз капиталын негізгі және басқа да материалдық емес активтерге салу мөлшері туралы мәліметтер**

199\_\_ж. " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

мың теңгемен

№ р/с	Баптар	Сомасы
	Материалдық емес активтер	
1	Алғашқы құны (101-106 шоттар)	
2	Тозу (111-116 шоттар)	
3	Қалдық құны (1-2 ж.)	
	Негізгі құжаттар:	0
4	Алғашқы құны (121-126 шоттар)	
5	Тозу (131-134 шоттар)	
6	Қалдық құны (4-5 ж.)	0
7	Негізгі қаражатқа және басқа материалдық емес активтерге жиынтық салымдар (И)* (3+6)	0
8	Жарғылық капитал (501-503 шоттар) жай акциялар (501-503 шоттар) артықшылық берілген акциялар (501-503 шоттар)	
9	Алынған капитал (521 шот)	
10	Төленбеген капитал (511 шот) жай акциялар (511 шот) артықшылық берілген акциялар (511 шот)	
11	Қосымша төленген капитал	
12	Негізгі қаражатты қайта бағалаудан төленбеген қосымша капитал (541-543 шоттар)	
13	Инвестицияларды қайта бағалаудан төленбеген қосымша капитал (541-543 шоттар)	
14	Резервтік капитал (551-552 шоттар)	
15	Бөлінбеген табыс (өтелмеген шығын)	

өткен жылдардың (562 шот)  
есеп берілген жылдың (561 шот)

---

16 Жиынтық өз капиталы (СК) (6.8-9-10+11+12+14+15) 0

---

17  $H=I/CK$  болғандағы өз капиталын (H) салу мөлшері

---

\* ұзақ мерзімдік дебиторлық берешек шоттары, яғни лизингке алынған негізгі қаражаттар мен жалданатын құралдар мен материалдық емес активтердің құны.

Б а с ш ы

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

орындаушы